

**"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ
НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ДАМУ
АГЕНТТІГІ" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

050000, Алматы қ., Шағын ауданы КОКТЕМ-3, 21,
тел: ,
факс: ,
E-mail: info@finreg.kz



**РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ "АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ И
РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА"**

050000, г.Алматы, Микрорайон КОКТЕМ-3, 21,
тел: ,
факс: ,
E-mail: info@finreg.kz

Банк операцияларын және өзге де операцияларды жүзеге асыруға арналған лицензия (Әмбебап банк лицензиясы)

Лицензияның нөмірі: 1.1.432.147

Берілген күні: 21.08.2026

Банк ВТБ (Қазақстан) Акционерлік қоғамы еншілес ұйымы

Осы әмбебап банк лицензиясы операциялардың мына түрлерін (ұлттық және шетел валютасында):

банк операцияларын:

Депозиттер қабылдау, заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу

Депозиттер қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу

Банктердің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент қаржы ұйымдарының корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу

Кассалық операциялар: қолма-қол ақшаны ұсақтауды, айырбастауды, қайта санауды, сұрыптауды, орауды және сақтауды қоса алғанда, оны қабылдауы және беру

Аударым операциялары: ақша төлемдері мен аударымдары бойынша

- жеке тұлғалардың нұсқауларын орындау
- заңды тұлғалардың нұсқауларын орындау

Есепке алу операциялары:

- жеке тұлғалардың вексельдері мен өзге де борышкерлік міндеттемелерін есепке алу (дисконт)
- заңды тұлғалардың вексельдері мен өзге де борышкерлік міндеттемелерін есепке алу (дисконт)

Қолма-қол ақшамен және (немесе) қолма-қол ақшасыз шетел валютасымен айырбастау операциялары

Төлем құжаттарын инкассоға қабылдау (вексельдерді қоспағанда)

Аккредитив ашу (ұсыну) мен оны растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау

Металл шоттарын ашу және жүргізу

- жеке тұлғаларға тиесілі тазартылған бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты саны көрсетілетін, осы тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу

- заңды тұлғаларға тиесілі тазартылған бағалы металдардың және бағалы металдардан жасалған монеталардың нақты саны көрсетілетін, осы тұлғалардың металл шоттарын ашу және жүргізу

Үшінші тұлғалар үшін ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін және өзге де міндеттемелерді беру (банкаралық кепілдіктерді қоспағанда)

Банктік қарыз операциялары: ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай нысанда банктік қарыздар беру (банкаралық қарыздарды қоспағанда)

Ақшалай нысанда орындау көзделетін банк кепілдіктерін беру (банкаралық кепілгерлікті қоспағанда)

өзге де операцияларды:

Тазартылған қымбат бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобына жататын металдар) құйма күйінде, қымбат бағалы металдардан жасалған монеталарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату

Құрамында бағалы металдар және (немесе) асыл тастар бар зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату

Вексельдермен жасалатын операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлемшінің вексельдерді төлеу бойынша қызметтер ұсынуы, домицилденген вексельдерді төлеу, делдалдық тәртібімен вексельдер акцепті

Лизинг қызметі

Факторингтік операциялар: төлем жасамау тәуекелін қабылдай отырып немесе қабылдамай, ақшалай талап беру арқылы қаржыландыру

Форфейтингтік операциялар (форфейтингтеу): тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін сатушыға айналымсыз вексельді сатып алу арқылы төлеу

Банкаралық қарыздар, банкаралық кепілдіктер, банкаралық кепілгерліктер, сондай-ақ өзге де банкаралық операциялар


Сенімгерлік операциялар: құрылтайшы көрсеткен адамның мүддесіне, сенімгерлік басқару құрылтайшысының тапсырмасы бойынша


- ақшаларды басқару
- тазартылған қымбат металдарды басқару
- банктік қарыз шарты, микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтарды (талап етуді) басқару

Сейфтік операциялар: сейф жәшіктерін, шкафтарды, үй-жайларды жалға беруді қоса алғанда, құжаттандырылған нысанда шығарылған бағалы қағаздарды, клиенттердің құжаттары мен құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер

жүзеге асыруға құқық береді.

Алматы қаласы





Бірінші рет алынған лицензия туралы деректер:

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі банк операцияларын және өзге де операцияларды жүргізуге берген 2009 жылғы 22 мамырдағы № 1.1.259 лицензия

Төрағаның бірінші орынбасары Абилкасымов Тимур Бокейханович

Алматы қаласы

